

Жарма ауданының Қалбатау ауылдық округінің Қапай батыр ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 07 қарашадағы N 251 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 қарашада N 2725 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 297 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2012.12.21 N 297 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің «Жануарлардың шектеу іс-шаралары немесе карантин белгіленетін жұқпалы ауруларының тізбелерін бекіту туралы» 2012 жылғы 28 наурыздағы № 18-03/128 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде нөмірі 7583 болып тіркелді) бұйрығы негізінде, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарма ауданының Қалбатау ауылдық округінің Қапай батыр ауылында ірі кара малдар арасында сарып ауруының шығуына байланысты, шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі **б е л г і л е н с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жарма аудандық аумақтық инспекциясының бастығы (Ж. Саржақов), Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігінің мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Департаментінің Жарма ауданы бойынша басқармасының бастығы (Б. Ахмадиева) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Жарма ауданының әкімінің орынбасары Н. Шалтабановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданының әкімі

Т. Қасымжанов

Келісілді:

"Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрлігінің
ветеринариялық қадағалау және бақылау
комитетінің Жарма аудандық
аумақтық инспекциясы "

мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж. Саржақов

07.11.2012 ж.

Жарма ауданы бойынша
санитарлық-эпидемиологиялық

қадағалау бөлімінің бастығы

Б. Ахмадиева

07.11.2012 ж.